

Білім беру ұйымының атауы:	№145 мектеп
Бөлім:	Театр өнері мен мәдениеті. Синтаксис
Педагогтың аты – жөні:	Сақтағанова Гүлзада Тампышқызы
Сынып:8	Қатысушылар саны: 7 Қатыспағандар саны:0
Күні: 27.03.2023 ж	
Сабақтың тақырыбы:	Театр өнері
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	8.1.3.1 - тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау. 8.4.4.4 – жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану.
Сабақтың мақсаты (бағалау критерийі)	1.Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіндіреді, мәтіндегі астарлы ойды анықтайды. 2.Жай сөйлемдерді айтылу мақсатына, құрылымдық ерекшелігіне сай қолданады.
Ойлау деңгей дағдысы	Білу мен түсіну.Қолдану

Сабақтың барысы		Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті			
Сабақтың басы 10 мин	1.Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу «Бір-бірімізді тыңдаймыз десек оң қолды көтереміз! Ұйымшыл боламыз десек сол қолды көтереміз! Белсенділік танытамыз десек екі қолмен 3 шапалақ ұрамыз!»тренингі арқылы сыныпта жағымды ынтымақтастық ахуал туғызуға бағыттаймын. 2.Топқа біріктіру.. «Пазл» әдісі арқылы оқушыларды топқа біріктіремін. 1-топ: Театр 2-топ: Сахна 3-топ: Қойылым 3.Үй тапсырмасын тексеру. «Сықырлық қаламсап»әдісі арқылы оқушылардың үй тапсырмасы сұралады. Шарты: жай сөйлемдердің айтылу мақсатына сай тыныс белгісін қойып жазу. Кейбір адамдар жасаған қателігі үшін шын ниетпен өкінеді Өз айыбын мойындаған кінәлілерге кешірім беру керек пе Кінәлі адам кәмілетке толмаса, оның мүддесін кім қорғайды Кәмілетке толмағандарға арнайы жаза тағайында ҚР заңдарын бұлжытпай орындау керек	Оқушылар сәлемдеседі Оқушыларға 3 сурет бейнелен-ген қағаз киын-дылары беріледі. «Пазл» әдісі арқылы оқушы-лар суреттерді құрастырып,3 топқа бірігеді. «Сықырлық қаламсап» әдісі бойынша сұрақтарға жауап береді. Жай сөйлемдердің айтылу мақсатына сай тыныс белгісін қойып жазады.	 Мадақтау арқылы бағалау: Жарайсыңдар! Керемет! Тамаша!	А4 қағаз киындылар ы  Ресурс №1
Сабақтың ортасы 30 мин	Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатын таныстыру,талқылау 1-тапсырма Топтық жұмыс. Тыңдалым алды тапсырма. «Ой қозғау» әдісі Жүсіпбек Аймауытовтың:«Театр деген нәрсе ермек емес,көңіл көтеру де емес,ол- үлгі, ол- тәрбие, өнер орны»,-деген сөзін қалай түсінесіңдер? 2-тапсырма Топтық жұмыс Тыңдалым тапсырмасы. «Ойлан,бірік,бөліс» әдісі Шарты:Мәтінді мұқият тыңдау,топтық жұмыс жасау. 1-топ:«Мен нені білдім» әдісі арқылы мәтін мазмұны бойынша ой бөлісіп, негізгі ақпаратты тауып, астарлы ойды анықтайды. 2- топ: «Ашық микрофон» әдісі арқылы оқушылар мәтін бойынша сұрақтар қойып,астарлы ойды	Сабақтың тақырыбын жазады, оқу мақсатымен танысады, нақтылайды. Мәтінді мұқият тыңдайды.Топтық жұмыста берілген тапсырмаларды бірлесіп орындай-ды.1- топмазмұны бойынша ой бөлісіп, негізгі ақпарат-ты тауып, астарлы ойды	Мадақтау арқылы бағалау Дескриптор арқылы бағалау	Ресурс №2 Аудиомәтін Ресурс№3

анықтайды.
ЕББҚ бар оқушының тіл кекештігі болғанмен, бірақ академиялық білімі жоғары. Оқу жетістігін бағалауда жазбаша орындауға мүмкіндік беру.
3- топ: «Түртіп алу» әдісі арқылы негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктеп, анықтайды, астарлы ойды айтады.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.
Жұптық жұмыс (дәптермен жұмыс).

3-тапсырма.

«Екі жақты күнделік» әдісі

Шарты: Берілген сөйлемдердің астарлы мағынасын анықтау. Ойларыңды жай сөйлем түрінде беру. Жай сөйлемді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану

Сөйлемдер	Сөйлемдердің астарлы мағынасына түсінік беріңіз
Театрға барғанда ашу мен реніш жан-жақтан қолқалап бара жатса да, оны ішіңізде жасырыңыз, не ол жайында ұмытыңыз.	
Қойылым барысында әртістердің дауыстары естілмей, не басқа да қылықтарын ерсі деп қабылдасаңыз, сол үшін көрермендер залында айқайлаудың тіпті қажеті жоқ.	
Қойылым біткен соң, көрермендер-мен бірге тұрып, қошемет көрсетіңіз.	

4-тапсырма. *Саралау тапсырмалары* Жеке жұмыс «АВС» әдісі Жазылым тапсырмалары: А деңгейі.

Оқулықтағы 4-тапсырманы орындау.

Шарты: көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазу

В деңгейі. Мәтін ішінен жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін анықтау
Театр мәдениеті деген не?
Қаланың қарбаласы түсінікті... Көліктер кептелісі. Осы секілді түрлі жағдайлар-мен жүріп, сіз кенет театрдағы қойылым-ның басталу уақытынан аздап кешігіп қалдыңыз. Апылғұпыл киіміңізді өткізіп, көрермендер залына кіріп келесіз. Сахна жап-жарық, әртістер өз образында. Қысқасын айтқанда, сахнадағы өмір қыз-қыз қайнап кетті. Алдыңыздан театр қызметшісі шығып, бір орынды нұсқады: «Ана бір бос орынға отырыңыз!». Билетке қарап сызылатын уақыт та жоқ, жағдай да жоқ. Арғы жақтағы бос орынға отырмақ боп, көрермендер арасынан өтіп барасыз. Сол кезде не естідіңіз? Естімегеніңіз қалмады ғой, иә?! Оларды түсінуге болады, сахна ауасымен

анықтайды. 2-топ мәтін бойынша сұрақтар қойып, астарлы ойды анықтайды. ЕББҚ бар оқушыны тапсырманы жазбаша орындай-ды. 3-топ негізгі ойды білдіретін сөйлем-дерді іріктеп, анық-тайды, астарлы ойды айтады.

Оқушылар жұптасып, тапсырмаларды орындайды. Берілген сөйлем-дердің астарлы мағынасын анық-тайды. Ойларын жай сөйлем түрінде береді. Жай сөйлемді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай талдайды.

Оқулықтағы 4-тапсырманы орындайды. Берілген сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазады.

Берілген мәтіннен жай сөйлемдерді айтылу мақсаты қарай анықтайды.

ЕББҚ баланың жазғанын мұғалім өзі оқып, бағалайды

Дескриптор арқылы бағалау

«Бас бармақ» әдісімен бағаланады

ЕББҚ баланың жазғанын мұғалім өзі оқып, бағалайды

Ресурс №4

Ресурс № 5

тыныстап, сондағы тіршілікке еніп отыр. Кінә сізден!..

хабарлы	сұраулы	лепті	бұйрықты

С деңгейі «ПОПС формуласы» әдісі
Функционалдық сауаттылықты дамытуға
бағытталған тапсырма.
«Театр өнері неге негізделеді?» Сұраққа
жауапты «ПОПС формуласы» әдісі бойынша
жазбаша түсіндіру
Бірінші сөйлем «Менің ойымша,...»
Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай
түсінемін...»
Үшінші сөйлем «Оны мен мына
фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»
Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай
қорытынды шешімге келдім...»

«Орындықтағы стикер»
әдісі арқылы сұралады

Анықталған идеяны
«ПОПС формуласы»
әдісі бойынша жазбаша
түсіндіреді.
ЕББҚ бар оқушы да
тапсырманы жазбаша
орындай алады.

ЕББҚ баланың
жазғанын
мұғалім өзі
оқып, бағалайды

Ресурс №6

Сабактың
соңы
5 мин

Үй жұмысы :6-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз
тіркестерінен мәтін құрап жазу. Мәтінге тақырып
қою
Рефлексия:
Кері байланыс: «Табыс сатысы» әдісі.
1-саты: Тапсырманы қалай орындау керектігін
түсіндім.
2-саты: Алған білімімді пайдаландым.
3-саты: Тапсырманы орындай алдым

«Табыс сатысы» әдісі
бойынша
оқушылар кері
байланыс жасайды.

Пәні: Қазақ тілі

Күні: 02.03.2023

Сыныбы: 8

Тақырыбы: Театр өнері

Қатысушылар саны: 6

Бақылаушы : Сақтағанова Гүлзада

Сабақты өзара талдау

	Төмен 1	Орташа 2	Жоғары 3
Жоспарлау (0-1)			
☐ жоспар талаптарға сәйкес құрылды (№ 130 Бұйрыққа 7-қосымша)			+
☐ оқу мақсаты пәннің оқу бағдарламасынан алынған сабақ мақсаты/ бағалау критерийлері оқу мақсатына сай			+
☐ оқушылардың бұрынғы білімдерін пайдалануы білім беру мақсатына сәйкес жоспарлануда			+
☐ берілген ақпараттың мазмұны оқу мақсатына сәйкес келеді			+
☐ таңдалған оқыту әдістері оқу мақсатына жетуге бағытталған			+
☐ қалыптастырушы бағалау жоспарланған			+
☒ белсенді оқыту әдістері жоспарланған жоспар сабақтың барлық кезеңдерін қамтиды			+
Оқыту бөлімі (0-1)			
☐ Сабақтың мақсатымен таныстырды			+
☐ оқушылармен бірге бағалау критерийлерін талдайды/сабақтың мақсатын оқушылар түсінеді			+
☐ оқушылар өздерін еркін және жайлы сезінеді			+
☐ Тапсырма бойынша нақты нұсқаулар береді			+
☐ Жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерін ұйымдастырды			
☐ Мұғалім ақпаратты анық жеткізді			+
☐ мұғалім оқушыларды ойландыратын ашық сұрақтар қояды			+
☐ Барлық оқушыларды оқу процесіне тартады			+
☐ ақпаратты қосымша көздерден береді (оқулықтан бөлек)			+
☐ Қажет болған жағдайда оқушыларға сұрақтар қоюға мүмкіндік беріледі.			+
☐ мұғалім оқушылардың сұрақтарына жауап береді			+
☐ мұғалім тапсырманы орындауға кететін уақытты ескереді, бұл оқушылар уақытты алдын ала біледі			+
Мұғалім ажет болған жағдайда жеке оқушыларға қолдау көрсетеді			+
жоспарланған іс-шаралар орындалды (сабақ жоспарға сәйкес өткізілді)			+

☐ Сабақ мақсатына/өзіндік оқуға қол жеткізу деңгейіне қатысты оқушылардың рефлексиясын жүргізеді			+
Бағалауы (1-0)			
☐ Мұғалім оқушыларға назар аударады/ сабақтың мақсатын түсінуін бағалайды			+
☐ мұғалім сабақтың оқу мақсатына сәйкес берілген жаңа білімді оқушылардың қаншалықты меңгергендігін бағалайды			+
☐ Оқушыларға бір-біріне кері байланыс беруге мүмкіндік беріледі			+
☐ өзін-өзі бағалау ұйымдастырылады			+
☐ өзара бағалау процесі ұйымдастырылады			+
АКТ(1-0)			
☐ ақпаратты визуализация құралы ретінде пайдаланады			+
☐ оқушылар арасында талқылауды жеңілдету үшін әртүрлі АКТ қолданбаларын пайдаланады			+
☐ интерактивті тапсырмалар Интернет медиа файлдарды (аудио, бейне) пайдаланады			+

Қысқаша мазмұны:

Сабақтың мақсаты: Тыңдалған мәтіндердің мазмұның түсіну, ұсынылған ақпараттардың астарлы ойын анықтау. Оқушылар таратпа материалдарын «пазл» әдісі арқылы құрастырып. 1-топ «театр», 2-топ «сахна», 3-топ «қойылым» атты топтарына бөлінді. Сабақ әдістемелік тұрғыдан жоспарланып, өте сауатты өтті. Барлық әдістемелер оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып таңдалды.

Сабақ жақсы психологиялық жағдайда өтті, балалар белсенділік танытты. Мұғалім сабақта АКТ-ны өте тиімді пайдаланды: оқушылар интернет-ресурспен жұмыс істеуге мүмкіндік алды, сондықтан тапсырма зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталды.

Әр тапсырмадан кейін оқушыларға конструктивті кері байланыс берілді. Мұғалім оқушыларды белсенді оқуға және бірін-бірі бағалауға тарта білді, мұғалімнің дұрыс қойған, ынталандыратын сұрақтарының арқасында оқушылар өз бетімен жұмыс істеді.

Бақылаушы қолы :



Тлеуова Ж.